

Информатика

Нұсқаулық: Сізге бір дұрыс жауапты тест тапсырмалары беріледі

1. Ақпараттың уақыт ағымына сәйкестігін анықтайтын қасиеті

- A) толықтығы
- B) сенімділігі
- C) өзектілігі
- D) құндылығы

2. Мәліметтер қоры негізгі үш сипаттамаға сәйкес жіктеледі

- A) ақпарат өлшемі, уақыты, меншік иесі
- B) ақпарат сипаты, сақтау тәсілі, ұйымның құрлымы
- C) ақпарат көлемі, сақталатын орны, ұйым мекен-жайы
- D) ақпарат көлемі, типі, ұйымның аты

3. Кесте бойынша жазбалар мен өрістер саны

Тегі	Аты	Мекенжайы	Телефон
Асанов	Елдос	Б.Момышұлы көшесі 15, 32-үй	231-15-21
Ахметов	Амир	Абай көшесі 100, 25-үй	325-65-98
Нурлан	Зере	Достық көшесі 1, 96-үй	101-58-87

- A) 3 жазба, 4 өріс
- B) 4 жазба, 4 өріс
- C) 3 өріс, 3 жазба
- D) 3 өріс, 4 жазба

4. Деректер базасының өрісінде орналасқан белгілі қасиеті жазылатын кесте қатары

- A) нысан
- B) атрибут
- C) өріс
- D) жазба

5. Excel жұмыс парағында орналасқан деректер арасынан қажетті ақпаратты табу командасын шақыру үшін басылатын батырмалар

- A) Ctrl + W
- B) Ctrl + A
- C) Ctrl + F
- D) Ctrl + C

6. Excel жұмыс парағында өсу ретімен немесе кему ретімен сұрыптау түрі

- A) кірістірілген
- B) қарапайым
- C) күрделі
- D) аралас

7. Ең көп таралған мәліметтер қоры

- A) реляциялық
- B) үлестірілген
- C) құжаттық
- D) желілік

8. Тізімді экранға басып шығару керек, алынатын нәтиже

```
A = [10, 3.14, 'Hi', 's', [1, 2, 3]]
```

```
print(A)
```

- A) [10, 3.14, 'Hi', 's', [1, 2, 3]]
- B) ['10', '3.14', 'Hi', 's', [1, 2, 3]]
- C) ['10', '3.14', 'Hi', 's', 1, 2, 3]
- D) [10, 3.14, 'Hi', 's', 1, 2, 3]

9. Програмадағы N айнымалысының мәні 5 ке тең және пернетақтадан 1, 2, 3, 4, 5 сандары енгізілгенде алынатын нәтиже

```
N = int(input())
```

```
A = [0] * N
```

```
k = 3
```

```
for i in range(0, N):
```

```
    A[i] = int(input())
```

```
for i in range(0, N):
```

```
    if A[i] < k:
```

```
        print(A[i]**3, end = ' ')
```

- A) 1 8
- B) 8 16
- C) 2 9
- D) 4 9

10. Бірөлшемді массивтің элементтерінің көбейтіндісін табатын программаны дұрыс ретпен орналастырыңыз

1. n = int(input())
2. d *= A[i]
3. for i in range(n): A[i] = int(input())
4. print(d)
5. A = [0] * n; d = 1
6. for i in range(n):

- A) 5, 6, 3, 1, 2, 4
- B) 1, 2, 3, 5, 6, 4
- C) 1, 3, 6, 5, 2, 4
- D) 1, 5, 3, 6, 2, 4

11. В[n] бірөлшемді массиві үшін тақ орында тұрған жұп элементтердің санын анықтайтын программа берілген, программа жолдары және олардың атқаратын қызметі арасындағы дұрыс сәйкестікті анықтаңыз

1. n = int(input())	a. нәтижені экранға шығару
2. k = 0; B = [0] * n	b. массивті берілген шартқа тексеру
3. for i in range(len(B)): B[i] = int(input())	c. массив өлшемін енгізу
4. for i in range(len(B)): if B[i] % 2 == 0 and i % 2 == 1:	d. массив элементтерін енгізу
5. k += 1	e. айнымалы және массивті жариялау
6. print(k)	f. айнымалы мәнін 1 ге арттыру

A) 1-f, 2-e, 3-d, 4-c, 5-b, 6-a

B) 1-c, 2-d, 3-e, 4-f, 5-b, 6-a

C) 1-c, 2-e, 3-d, 4-b, 5-f, 6-a

D) 1-f, 2-e, 3-c, 4-b, 5-d, 6-a

12. Экранға шығатын программа кодының нәтижесі

```
from random import randint
```

```
N = int(input());
```

```
a = [[0 for i in range (N)] for j in range(N)]
```

```
for i in range (0,N):
```

```
    for j in range(0,N):
```

```
        a[i][j] = randint(1,5)
```

```
for i in range (N):
```

```
    for j in range(N):
```

```
        print(a[i][j], end = ' ')
```

```
    print()
```

```
for i in range (N):
```

```
    for j in range(N):
```

```
        if(i + j == N - 1):
```

```
            print(a[i][j], end = ' ')
```

A) жанама диагональда орналасқан элементтерді шығару

B) бас диагональдың үстінде орналасқан элементтер қосындысы

C) жанама диагональда орналасқан элементтер көбейтіндісі

D) бас диагональ үстінде орналасқан элементтерді шығару

13. Пернетақтадан енгізілген нақты сандарды өсу ретімен сұрыптау үшін жазылған код берілген, программа жолдарын мағынасымен сәйкестендіріңіз

1. A = [3.35, -0.8, 3.9, 7.69, 0.9]	a. салыстыру операторы
2. for k in range(len(A) - 1):	b. сыртқы цикл
3. if(A[i] > A[i + 1]):	c. ішкі цикл
4. for i in range (len(A) - k - 1):	d. массив элементтерінің орнын ауыстыру
5. A[i] , A[i + 1] = A[i + 1], A[i]	e. бірөлшемді массивті енгізу

A) 1-a, 2-b, 3-c, 4-e, 5-d

B) 1-a, 2-c, 3-b, 4-e, 5-d

C) 1-b, 2-e, 3-c, 4-a, 5-d

D) 1-e, 2-b, 3-a, 4-c, 5-d

14. Кездейсоқ сандармен толтырылған бір өлшемді массивті сұрыптау программасы берілген, программа кодының дұрыс ретін анықтаңыз

1. for i in range (N): A[i] = randint(0, 20)
2. from random import randint N = 5; A = [0] * N
3. for i in range (N - k - 1):
4. for k in range(N - 1):
5. A[i] , A[i + 1] = A[i + 1], A[i]
6. print(A)
7. if(A[i] > A[i + 1]):

A) 2, 7, 4, 3, 5, 1, 6

B) 2, 4, 3, 1, 5, 7, 6

C) 2, 1, 4, 3, 7, 5, 6

D) 3, 5, 1, 2, 4, 7, 6

15. Программадағы n айнымалысының мәні 5 ке, A массивінің мәні 3, 9, 6, 4, 7 сандарына тең болған кезде алынатын нәтижені анықтаңыз

```
n = int(input())
```

```
A = [0] * n; k = 0
```

```
for i in range(n):
```

```
    A[i] = int(input())
```

```
A.insert(3,5)
```

```
A.remove(6)
```

```
print(A)
```

A) [3, 9, 5, 4, 7, 6]

B) [3, 9, 3, 5, 4, 7, 6]

C) [3, 9, 5, 4, 7, 6, 3]

D) [3, 9, 5, 4, 7]

Нұсқаулық: Сізге контекст негізінде тест тапсырмалары беріледі

Массивтің жұп индексі бар элементтерін экранға шығару

Бөлім бойынша жиынтық бағалау жұмысында Мансұрға бүтін сандардан тұратын бір өлшемді тізім элементтерінің ішінен жұп индекстегі сандарды экранға шығару туралы тапсырма берілді. Ол тапсырманы орындауда бірөлшемді массивті енгізу-шығару, индекстеу және массив элементтерімен жұмыс жасау тақырыптарынан алған білімін пайдаланды. Төменде тапсырма шартына сәйкес мысалдар және Мансұр жазған код берілген. Программаға талдау жасап жіберілген қателерді дұрыстауға көмектесіңіз.

Енгізу	Шығару
1 2 3 4 5	1 3 5
11	1
4	4
4 5 7	4 7

```
1 n = 5
2 A = [0] * n
3 for i in range (n):
4     A[i] = int(input())
5 for i in range(len(A)):
6     if i % 2 == 0:
7         print(A[i], end = " ")
```

16. Программадағы $n = 5$ жолының мағынасы

- A) массивті жариялау
- B) массив ұзындығы
- C) 5 санын шығару
- D) 5 санын енгізу

17. Массив элементтерін енгізу түрі

- A) генератор көмегімен
- B) пернетақтадан енгізу
- C) классикалық тәсіл
- D) кездейсоқ сандар

18. Программадағы 2-жолының дұрыс нұсқасы

- A) $A = [0] * n$
- B) $A = [0] \% n$
- C) $A = [0] / n$
- D) $A = [0] - n$

19. Программадағы 6-жолының дұрыс жазылуы

- A) `if i % 2 == 0:`
- B) `if i % 2 != 0:`
- C) `if i // 2 != 0:`
- D) `if i // 2 == 0:`

20. Программаға `print(type(A))` жолы қосылғанда алынатын нәтиже

A) bool

B) str

C) int

D) list